



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B01704- Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Теориялық білімі терең, тіл үйретудің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері мен озық әдіс-тәсілдерін меңгерген, оқытудың инновациялық және ақпараттық технологияларын практикада ұтымды қолданатын, креативті ойлай алатын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау.

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

- орта білім беру ұйымдары;
- кәсіптік білім беруді ұйымдастыру;
- білім беру басқармалары мен басқармалары;
- білім беру проблемаларын зерттеумен айналысатын ғылыми ұйымдар.

# БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН - 1.** Қоғамдық пәндердер бойынша алған білімдерін тілдік құбылыстарды түсінуде қолданады;
- ОН - 2.** Өз ойын өзге тілде (орыс, ағылшын) ауызша және жазбаша түрде сауатты *тұжырымдайды* (жеткізеді), ғылыми және академиялық мәтіндерді *түсініп аударарды*, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын *меңгереді*;
- ОН - 3.** Тәрбие мен білім берудің жаңа философиясын *түсінеді*, педагогикалық қызметінде басшылыққа алады; Ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың ұстанымдарын, ғылыми білімдерді құрастыру мен оған қол жеткізудің тәсілдерін түсінеді;
- ОН - 4.** Нарықтық экономика мен саяси үрдістердің тірек ұғымдары мен негізгі заңдылықтарын, кәсіпкерлік-инвестициялық қызметтің негіздерін меңгереді;
- ОН - 5.** Жылдам дамып жатқан сандық технология заманында өмір сүріп, ауқымды ақпараттар легімен жұмыс *істейді*, өзгерістерге тез *бейімделеді*, ынтымақтастық жағдайында топта жұмыс істейді және *сыни ойлай алады*;
- ОН - 6.** Өз ойын ана тілінде түсінікті, жүйелі, сөз мәдениетінің талаптарына сай ауызша және жазбаша түрде тұжырымдап *жеткізеді*, сөз саптау тәсілдері (баяндау, сипаттау, пайымдау) мен сөйлесім түрлерін (монологтік сөз, диалогтік сөз, полилогтік сөз) *меңгереді* және оларды танымдық әрекеттерді белсенді меңгеруде, өзін-өзі дамытуда орынды *қолданады*;
- ОН - 7.** Ақпараттар ағынында қажетті мәліметті анықтау, іріктеу, өңдеу, жетілдіру, сақтау, жеткізудің әдістері мен тәсілдерін *қолданады*; сандық технологиямен *жұмыс істейді*, жаңа контент *жасай алады*; ОН - 8. Тіл үйретудің деңгейлерін және педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін меңгереді;
- ОН - 8.** Тіл үйретудің әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларын меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады; Оқытудың интегративтік тәсілдерін игереді;
- ОН - 9.** Қазақ әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін және даму бағыттары мен үрдістерін біледі және көркем шығарманы талдауда қолданады;
- ОН - 10.** Әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі заңдылықтары мен әдістерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады; Өзін-өзі дамытуға және білімін жетілдіруге даяр, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын құрастырады;
- ОН - 11.** Гигиена талаптарына сай салауатты өмір сүру дағдыларын, еңбекті қорғау және сыртқы кері әсерлерден қорғау ережелерін қалыптастыруға қабілетті; әлеуметтік және кәсіби қызметті толыққанды қамтамасыз ету мақсатында дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайтудың әдістері мен құралдарын қолданады.